

Қ. Өмірәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп педагог-психологының 2022-2023 оқу жылындағы жылдық жоспарға сәйкес қыркүйек айында «Оқушылар арасындағы психологиялық ахуал және өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу» барысында атарған жұмыстарының есебі

«REFRAME» тұлғалық дамыту орталығының ұйымдастыруымен «Бес терек» жобасы аясында жоспар түзіліп, оқушылармен жоспар бойынша зерттеу және түзету – дамыту жұмыстары жүргізіліп жатыр:

Мектептегі оқушылардың психологиялық ахуалын анықтау үшін бастауыш сыныптар аралығында және жоғарғы сыныптардан сауалнамалар алынды.

3-4 сынып оқушыларынан оқу мотивациясын анықтау сауалнамасын алынды. Мақсаты, оқушылардың оқуға деген қызығушылығын және мұғалімдермен қарым-қатынасын анықтау. Қорытындысы бойынша балалардың сабаққа деген қызығушылығының бар екені анықталды.

5 сынып оқушыларының бейімделуін анықтау және дамыту мақсатында тест алынды, түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.

6-7 сынып жасөспірімдері арасындағы мазасыздану деңгейін анықтау мақсатында «Кондаш» тесті алынды. Қорытындысы бойынша түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп, кеңестер берілді.

8-11 сынып оқушыларының психикалық күйін, қобалжуын анықтау мақсатында тестер алынды. Тесттің қорытындысы бойынша түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп, кеңестер берілді. Сондай-ақ, жоғарғы сынып оқушыларының ата-аналармен қарым-қатынасын және көңіл-күйін анықтау мақсатында шығармашылық тест алынды. Тест нәтижесінде оқушылардың ата-аналарымен қарым-қатынасы жақсы, көңіл-күйлері де жақсы екенін байқадым және қиналған кезде кімге жүгіну керектігін біледі.

Мектепшілік тәртіп және хиджап киінген оқушымен жеке және қыздар жиналысын жасап, оқушыларға мектеп қабырғасында мектепшілік тәртіпке бағыну керектігі жайлы айтып өтілді..

«Аялы алақан» атты мүгедек балаларды қорғау, қолдау мақсатында ұйымдастырылған ісшараның жоспарына сәйкес «Дені саулық жаны сау» атты тақырыпта эссе байқауы өткізілді.

11-сынып оқушыларының ҰБТ-ға психологиялық тұрғыда қалай дайындалу керектігі жайлы мини лекция оқып, стресстен шығу тренингтері жүргізілді.

Екі рет қыздар жиналысы өткізілді. Біріншісі, «Қызға қырық үйден тыйым» тақырыбында өтті. Жиналыс барысында «Қыздарға қырық үйден тыйым» тақырыбында қысқаша баяндама жасалынды және бейнероликтер көрсетілді. Мақсаты, оқушыларға жүріс-тұрыс дағдысы, қыз намысы, ұлттық салт- дәстүрлерді қастерлеп, тәрбиелі, білімді, өнерлі болып өсуге үйрету болды.

Екінші қыздар жиналысының тақырыбы «Ерте жүктілік және оның алдын алу» деп аталды. Жиналыс барысында ерте жүктілік және оның зардаптары жайында айтылды. Сонымен қатар әр түрлі мәселелер қозғалды. Оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы жайлы да сөз болды.

«Қ. Өмірәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі педагог-психологтың 2022-2023 оқу жылындағы қазан айында кәмелетке толмаған оқушылар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықты оқушыларды анықтау, зорлық-зомбылық және жыныстық тиіспеушіліктің алдын алу мақсатында жүргізілген жұмыстар жайлы есеп

1. «Бес терек» жобасы аясында әлеуметтік педагогтың тізімдегі оқушылар есебі алынды;
2. Мектеп инспекторының тізіміндегі отбасылар тізімі анықталды;
3. Мектеп инспекторының тізіміндегі оқушылар саны анықталды;
4. Сынып жетекшілерінің көмегімен; оқу үлгерімі төмен оқушылар, тәртібі нашар оқушылар, әлеуметтік желідегі оқушылар атаулары, «Ерекше белгілермен» кіретін оқушылар, құмарлық ойындарына әуес оқушылар, махаббатта сәтсіздікке ұшыраған оқушылар және түнгі уақытта тойханаларда, түнгі клубтарды және т.б. жерлерде жұмыс жасайтын оқушылар және оқушылардың бос уақытын немен өткізетіні жайлы мәліметтер анықталып тізімдері жасалды;
5. Төрт бағыттағы зерттеу барысында «Жасыл», «Сары», «Қызыл» түсті деңгейдегі оқушылар анықталып, «Қызыл» түсті деңгейдегі оқушылармен қосымша зерттеу, кеңес беру, түзету-дамыту және т.б. жұмыстар жүргізіліп жатыр;
6. 5-7 сынып оқушылары аралығында «Менің отбасым!» тақырыбында, 8-9 сынып аралығында «Менің ең жақын досым!» тақырыбында, 10-11 сынып аралығында «Менің арманым!» тақырыптарында эссе жаздырылды;
7. Эссе қорытындысы бойынша негативті оқушылар анықталып, оқушылармен түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп жатыр;
8. 5-11 сынып оқушыларынан аутодеструктивті мінез-құлықты анықтау, алдын алу мақсатында және психологиялық көмекті қажет ететін оқушыларды анықтап, қолдау көрсету мақсатында сауалнама алынып қорытындысы шығарылды;
9. Сауалнаманың қорытындысы бойынша психологиялық көмекті керек ететін оқушылар анықталып, психологиялық көмек көрсетіліп, психологиялық кеңестер беріліп, түзету-дамыту жұмыстары жүргізіліп жатыр;
10. 5-11 сынып оқушыларының зерттелушінің қоршаған ортаға, өзінің және келесі жыныс өкіліне, достары, ұстаздары, жалпы барлық адамдарға, өзіне, өз болашағына, материалды дүниеге, заңға, тәрбиеге т.б. қатынас

ерекшеліктерін анықтау мақсатында «Аяқталмаған сөйлемдер» әдістемесі жүргізілді.

11. Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алуға байланысты ата – аналарға, оқушыларға арналған жаднамалар таратылды.

Педагог – психолог:

Ұ. Стамбекова